



3 бет



### ТЫНЫШ АУЫЛ ТЫНЫСЫ

Қазіргі уақытта да елімізде жаман әдеттен жиреніп, ізгілікті бойына сіңірген елді мекендердің барлығы қуантады. «Азаматына қарап, ауылын таны» дегендей, қылмысы жоқ, тұрмысы тәуір төмендегідей ауылдар барына тәуба дейміз.

4 бет



### КӨЛІКПЕН, КИІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Ішкі істер органдарында еңбегі көзге көрінбейтін, бірақ күнделікті жұмыс жүйелі жүруі үшін бар ауыртпалықты еңсеретін қызмет түрі бар. Полиция қызметкерлеріне уақтылы нысанды киім беріп, автокөліктердің жедел шақырылымға жүйткіп жетуіне Астана қаласы Полиция департаменті Тылды қамтамасыз ету басқармасы жағдай жасайды.

5 бет



### ПАУЭРЛИФТИНГТЕН КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

Абай облысының Семей қаласында 3-11 қазан аралығында ерлер мен әйелдер, ардагерлер арасында классикалық пауэрлифтингтен ел чемпионаты өтуде.

## ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Ішкі істер министрі Ержан Саденовті қабылдады.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміз бойынша кісі өлтіру, бұзақылық, ұрлық, қарақшылық, тонау және мал ұрлығына қатысты қылмыстар санының айтарлықтай төмендеуіне ықпал еткен алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді.

Көшелердегі қауіпсіздік деңгейі-

нің артқаны атап өтілді. Президентке құқық бұзушылықтарға «мүлде төзбеушілік» және жазаның бұлтартпастығы, кәметке толмағандардың құқығын қорғау және интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды.

Ержан Саденовтің айтуынша, жыл басынан бері ауыспалы нөмірлерден шалынған 37 миллион қоңырау бұғатталып, заңға қайшы контенті бар 16 мың сайт анықталған.

Мемлекет басшысына Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Министрдің айтуынша, 31 тоннадан астам есірткі және

79 тонна прекурсор тәркіленіп, 39 есірткі зертханасы жойылған. Сонымен қатар Президентке Қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық ұлан қызметінің қазіргі жай-күйі туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

«Сақшы – ақпарат»

## ҰЛАНДЫҚТАР ПАРАШЮТПЕН СЕКІРДІ

**Ұлттық ұланның 3656 Әскери бөлімінің әскери қызметшілері «Солтүстік» әуе айлағының базасында 800 және 1200 метр биіктіктен парашютпен секірді.**

Секіру жаттығулары әскери-көліктік авиацияның МИ-171 тікұшағының көмегімен жүзеге асырылды. Барлық әскери қызметшілер құрлықтағы әуе-десанттық дайындық курсынан өтіп, әдіс-тәсілдерді игерді. Сондай-ақ әуе-десанттық кешенде жер үсті секіру дайындығының элементтерін пысықтады.

Бірінші болып тікұшақтан Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның бас қолбасшысы Еркін Ботақанов секірді.

– Егер өзіңізді өзгелер шынайы құрметтегенін қаласаңыз, қарамағындағыларыңыздың қиын тапсырмаларды орындау кезінде не сезінетінін сіз де сезініп көруге тиіссіз. Ұлттық ұланның барлық командирлері мен бастықтары тек сөзбен ғана емес, іс жүзінде де өзіне бағыныштыларға қажетті дайындық деңгейін жеке мысалмен көрсетуі керек, – деді Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы.

Ұлттық ұлан құрамында авиация бөлімі бар. Бұл – жүктерді тасымалдауға және басқа да міндеттерді орындауға арналған ұшақтар мен тікұшақтардың әртүрлі түрін қамтитын әскери-көлік авиациясы. Мұнда тиісті әскери атақтары бар офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілер қызмет етеді.

Парашютпен алғаш рет секіргендердің арасында әскери қызметші әйелдер де бар. Мысалы, аға лейтенант Анастасия Бондарева, сержант Данара Сәрсембаева және қатардағы жауынгер Айдана Омарова бір ай бойы өзге әріптестерімен бірге секіру алдындағы дайындықтан өтті, парашютті жинастырып, көктегі және қону кезіндегі әрекеттерді үйренді.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК





## ЖЕТІ КҮН



Мемлекет басшысы Ішкі істер министріне Ақмола облысының Щучье қаласында болған студенттің өліміне қатысты барлық мән-жайды жан-жақты тексеруді тапсырды.

«Кінәлілер заң талаптарына сай жауапқа тартылуы керек. Президент бұл мәселені ерекше бақылауға алды», - делінген хабарламада. Естеріңізге сала кетейік, 6 қазанға қараған түні Щучьедегі теміржол бойынан Жоғары техникалық колледждің 4-курс студенті өлі табылды. Марқұмның аты-жөні – Роман Бодагов. Полиция мәліметінше, оның мәйіті Бурабай курорты мен Жамантүз арасындағы учаскеде теміржол бойынан табылған.

Қарағанды облысында Отбасына көмек көрсету орталығы ашылды. Бұл республикада тұңғыш пилоттық тәртіпте ашылған орталық. Мұндағы полиция бөлімінде тек әйелдер қызмет етеді.

Жаңа полиция бөлімшесін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа таныстырды.

Орталық бір терезе қағидаты бойынша жұмыс істейді. Мұнда полициядан, заңгерлерден, психологтан, сот орындаушысынан, теологтан және еріктілерден көмек алуға болады. Сондай-ақ, медиатор, дағдарыс орталығының өкілдері бар.

Хатико қожайынын Тараз полицейлеріне сеніп тапсырды

7 қазанда Тараз қаласы көшелерінің бірінде мынандай оқиға болды. Полицейлер жолдың ортасында төңкерілген мүгедек арбасын, ал жанында қарт адам мен итті байқаған. Полицейлер Хатико мен оның иесі Анатолий Дербеновті бірден таныды.


Зейнеткер жасанды кедергілерден өте алмай, аударылып қалған. Ит осы уақыт ішінде иесін мұқият күзетіп, жанында отырды.

Патрульдік полиция инспекторлары бірден қарт кісіге көмекке ұмтылғанымен, ит иесіне ешкімді жолатпады. Алайда оқиға сәтті аяқталды. Басын жарақаттап алған қарт ем-дом алып, үйіне оралды.

«Ералаш» киножурналының режиссері жоғалған әмиянын тауып берген жамбылдық полицейлерге алғыс білдірді. Ресей Федерациясының азаматшасы Марина Сүлейманова Жамбыл облысы ПД патрульдік полиция батальонының қызметкерлеріне маңызды құжаттары, ақшасы және пәтер кілттері бар әмиянын іздестірудегі жедел әрекеттері үшін өзінің шынайы алғысын білдірді. Режиссер әйел әмиянын такси көлігінде қалдырып кеткен. Кедендік өткізу бекетіне келген кезде әмиянын жоғалтқанын түсініп, дереу полиция қызметкеріне жүгінген.

Қарағандының медициналық мекемелерінің бірінен 17 жастағы науқас «112» арнасына қоңырау шалып, қалалық ғимараттардың бірінде жарылғыш зат жасырылғаны туралы хабарлаған. Полиция қызметкерлері ғимаратты және оған іргелес аумақты толығымен тінтіп, ешқандай жарылғыш зат таба алмады. Тексеру барысында тәртіп сақшылары жалған қоңырау жасалған абоненттік нөмірдің иесін анықтады. Ол медициналық мекеменің қызметкері болып шықты. Әйел телефонын палаталардың біріндегі үстелде қалдырып кеткенін айтты. Мұны пайдаланған жасөспірім бомба туралы хабарлаған. Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр.

## ЕУРОПАЛЫҚ ӘРІПТЕСТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



### Қазақстанның ИІМ басшысы еуропалық әріптестерімен кездесті.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ержан Саденов бастаған делегация жұмыс сапарымен Бельгияға, Данияға және Германия Федеративтік Республикасына барды.

Брюссельде қазақстандық тарап Бельгияның Ішкі істер министрі Аннелис Верлинденмен және Еуропалық Көші-қон және Ішкі істер комиссиясы бас директоры бас директорының орынбасары Йоханнес Лухнермен кездесу өткізді.

Сонымен қатар Данияның иммиграция және интеграция министрі Кааре Дибвад Бекпен және Германияның Федералды Ішкі істер және Отан министрлігінің мемлекеттік

хатшысы Махмут Өздемирмен кездесті. Кездесулер барысында көші-қон саласындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері, сондай-ақ Қазақстан азаматтары үшін визалық режимді оңайлату мүмкіндіктері талқыланды. Ұйымдасқан қылмысқа, оның ішінде адам саудасы мен есірткінің заңсыз айналымына, сондай-ақ интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары қаралды.

Тараптар қызметкерлердің біліктілігін тұрақты түрде арттырып отыру үшін тығыз ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу бойынша келісімге келді. Кездесулер достық ахуалда және толық өзара түсіністік жағдайында өтті, сындарлы диалог құрылды.

Айта кетейік, қазақстандық полиция терең трансформация процесінде және бұл үшін ИІМ құқық қорғау органдары адамға бағдарланған басқа елдердің озық тәжірибесін зерттеп жатыр.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК



## ҚЫЗМЕТТЕ КӨЗГЕ ТҮСКЕНДЕР

Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев осы жылдың тоғыз айдағы жұмыс қорытындысы бойынша жедел қызметте ерекше көзге түскен қызметкерлерді марапаттады.



Дәстүр бойынша қызметтік міндеттерін адал орындағаны және жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін бірқатар тәртіп сақшылары Полиция департаменті бастығының құқығымен медаль, грамота және алғысхаттармен марапатталды.

Жедел қызметтер арасында өткен спартакиада қорытындысы бойынша бірінші орын алған Алматы аудандық ПБ бастығы Диас Тоқатовты марапатталды. Екінші орынды Есіл ауданы ПБ командасы және үшінші орынды Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері иеленіп, аталған басқарма басшылығына да тиісті жүлделер берілді.

Сонымен қатар қазақ күресінен 70, 80 және 90 келі салмақ дәрежесінде бірінші орын алғаны үшін Алматы ауданы ПБ мен Сарыарқа ауданы ПБ-ның анықтау бөлімінің қызметкерлері марапатталды.

Астана қалалық ПД Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Досаев шағын футболдан өткізілген жарыста үшінші орын алған ішкі істер органдарының ардагерлер командасын марапаттады.

Қымбат АБДАЛИМОВА

## ҚАРАҒАНДЫ ПОЛИЦЕЙЛЕРІ ЖАҢА КӨЛІКПЕН ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ

Қарағанды облысы полициясының қызметтік көліктер паркі «Chevrolet Cobalt» маркалы 20 автокөлікпен толықтырылды. Олар Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен сатып алынды.



Жаңа көліктер құқық қорғау органының негізгі буыны болып табылатын Патрульдік полиция бөлімшелері мен учаскелік инспекторларға арналған.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жаңа қызметтік автокөліктерді қарап, Полиция департаментінің басшылығымен материалдық-техникалық базаны одан әрі нығайтуды талқылады.

Сатып алынған көліктер облыс бойынша таратылды. Оларды Балқаш, Приозерск, Теміртау, Абай, Осакаров және Қарқаралы аудандарының полицейлеріне жібереді. Автокөліктер белгіленген стандарттарға толық сәйкес келеді, бақылау камераларымен және навигациялық жүйелермен жабдықталған.

Өңірде құқықтық тәртіпті жақсарту үшін шаралар қабылданып жатқаны атап өтілді. Жергілікті полиция қызметін қолдау билік тарапынан тұрақты негізде жүргізіледі. Жыл сайын жаңа жабдықтарға қаражат бөлінеді. Сондай-ақ бұл көмек әлі де жалғасады.

Бақытжан ҚҰДИЯРОВ,  
Қарағанды облысы ПД

# ТЫНЫШ АУЫЛ ТЫНЫСЫ

**Ауыл – алтын бесік. Қай қазақтың баласы болсын, ауыл жаққа алаңдап, туған жердің төсінде қалған ауылдастарының тұрмыс-тіршілігіне алаңдайды. Қойнауы құтқа толған ауылдың тұрмысы жақсы болып, түтіні түзу ұшса, осыдан артық құндылық бар ма?!**

**Қазіргі уақытта да елімізде жаман әдеттен жиреніп, ізгілікті бойына сіңірген елді мекендердің барлығы қуантады. «Азаматына қарап, ауылын таны» дегендей, қылмысы жоқ, тұрмысы тәуір төмендегідей ауылдар барына тәуба дейміз.**

## ҚАРАБҰЛАҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Балқантау селолық округінің орталығы Қарабұлақ ауылы еліміздегі санаулы қылмыс тіркелмеген ауыл санатында. Нақтырақ айтқанда, «Ішімдіксіз ауыл» жобасын қолдаған, өзгелерге өнеге көрсеткен елді мекен.

Бұл ауылды бала кезімнен жақсы білемін. Оқушы кезімде осы ауылда тұратын әкемнің туған қарындасының үйіне барып, өзім шамалас жиендермен ойнап, аунап-қунап қайтатын едім. Сексеннің сеңгірінен асқан сол апа әлі күнге дейін осы ауылда тұрады. Кеңес одағында бұл ауыл «Комсомол» совхозы



шұғылданады. Ауыл тұрғындарының волейбол мен қазақ күресіне

алмасқанын және көп нәрсеге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік бергенін тілге тиек етеді.

Аслан Рахымбергенов еңбек жолын Қарқаралы қаласындағы академик О.А. Жәутіков атындағы № 1 орта мектепте экология пәнінің мұғалімі, ұйымдастырушы педагог болып бастаған. Содан кейін аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің әдіскері, бас маманы болып жұмыс істеді. Ауданның Жастар ресурстық орталығының директоры болды.

2020 жылы Балқантау ауылдық округінің әкімі болып сайланады. Жұмыс істеген жылдары тұрғындарды интернетпен және ұялы байланыспен қамтамасыз етті. Өткен жылы ұзындығы 9,6 км Қарабұлақ ауылына кіреберіс жолды жөндеу басталды.

– Бұл аудандық маңызы бар жол. Оның күйі өте жаман болды. Осыған байланысты Егіндібұлаққа қатынайтын автобустар бізге бұрылмайтын. Тұрғындар кейде ауылға дейін 9 шақырымнан астам жаяу жүруге мәжбүр болды. Өткен жылы біз 1,8 км жөнделдік. Биыл жұмысты аяқтауды жоспарлап отырмыз, – дейді әкім.

Балқантау ауылдық округінде әкімнің бастамасымен кәсіпкерлікті дамыту үшін гранттар беру ұйымдастырылды. Гранттық қаражатты шаруа қожалықтарының басшылары бөледі. Осының арқасында өткен жылы екі бастаушы кәсіпкер қаржылай қолдау алды. Олар наубайхана мен ателье ашқан.

Балқантау селолық округінің әкімі Аслан Рахымбергенов:



деп аталды. «Комсомол» совхозы 1954 жылы тың және тыңайған жерді игеруге комсомолдық жолдамамен Украина, Беларуссия, Молдавиядан келген жастардың құрметіне аталған.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында бұл мекен жаңадан салынған клуб үйі, еңселі мектеп, көшелері таза, әр аулада тал-терек жайқалған, үйлері шарбақпен қоршалған көз тартатын ауыл болды. Кеңес үкіметі келмесе кеткен кезде де тау бөктерінде, сай-салада жайылып жүретін төрт түлік мал азайғанымен, ел іргесі сөгілмеді. Ауыл тұрғындары күнкөріс үшін қалаға үдере көше қоймады. Тоқсаныншы жылғы тоқырауда тозып кетпей, нарыққа бейімделіп, тон тігетін цех ашылып, шаруа қожалығы жұмыс істеп, екі қолға бір жұмыс табылып, тұрғындар нәпақасын тапты.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ауыл атауы өзгеріп, «Қарабұлақ» атанды. Бүгінгі таңда ауылда 680 тұрғын бар. Жергілікті тұрғындар мал шаруашылығы және егін егумен айналысады. Бұл ауылдың басқалардан артықшылығы – ішімдіктен бас тартқан ауыл. Соңғы төрт жылдың көлемінде бірде-бір қылмыс тіркелмеген.

Ауылдың учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Аманбек Әубәкіров Қарабұлақ ауылына 2013 жылы учаскелік инспектор болып тағайындалған. Он жылдай тәртіп сақшысы қызметінде жүрген Аманбек Ақанұлы «Ауыл тұрғындары ішімдікке әуес емес. Ауылдағы үш дүкенде де алкогольдік ішімдіктер сатылмайды. Тұрғындар спортқа бейім. Үлкен спорт ғимаратымыз бар. Балалардың кешке ойнайтын футбол орны бар. Сол жерде балалар спортпен

деген қызығушылығы күшті. Тіпті, ауыл жастары волейболдан облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі оралып жүр.

Қылмыстың көбі жастардың алкогольді ішімдікті тұтынуынан басталады. Сондықтан халықпен профилактикалық жұмыс жасаймыз» деп ауыл ахуалы жөнінде ақпарат берді.

Мал ұрлығының алдын алу да



назардан сырт қалмаған. Төрт түлік бағусыз, қараусыз жүргеннен кейін ұрлық болатыны белгілі. Сондықтан бақташылар малды бағып, барымташыларға жол бермей келеді.

Балқантау селолық округінің әкімі Аслан Рахымбергеновтің атына айтылған жылы лебізді естуге болады. Ол республикалық «Үздік ауыл әкімі» байқауында бірінші орынды иеленген. Байқауға қатысқан әкім «Байқаудан кейін мені қолдап, маған сенген тұрғындардың игілігі үшін одан да белсендірек жұмыс істеуге жігерлендім» деп еліміздің түкпір-түкпірінен келген әкімдер арасында тәжірибе

– Ауылда 32 шаруа қожалығы бар. Барлығы өздеріне тиесілі жерлерді ауылшаруашылығы мақсатында игеріп отыр. Оның ішінде 12 шаруа қожалығы егін себу жұмысымен айналысады. «Ішімдіксіз ауыл» – аудандық Полиция басқармасы мен және ауылдық Полиция учаскесінің қолдауымен іске асқан бірегей жоба. Жалпы, кейінгі үш жылда ауылдық округте бірде-бір қылмыс тіркелген жоқ. Ауыл көшелерінде жарық шам орнатылған. Бізде түнгі сағат 12-ден кейін жарық шамдар сөндіріледі, – дейді.

Ауылда «Қарабұлақ» мешіті бар. Мешіттің имамы Ербол Жұмаділов:

– Ішімдік ішпеу – жастардың

ұсынысы. Шарифатымызда да, дінімізде де бұл біздің атамыздан қалған ас емес. Жалпы, адам баласы бұдан бас тарту керек. Жаман нәрсеге үйір болмау керек деген ниеттеміз ғой. Игі ұсынысты ауылдастарым қолдады. Аслан бастаған ауыл әкімшілігі және жергілікті учаскелік полиция инспекторы Аманбек те зор үлес қосты. Осындай ізгілікті іс басқа ауылдарда да болса екен деген тілегім бар, – дейді.

Игілікті іс, жақсы бастама елеусіз қалмайды. Қарағанды облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Санжар Әділов ауыл әкімі Аслан Рахымбергеновті, учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Аманбек Әубәкіровті және ауыл азаматы Біржан Смақовты алғысхатпен марапаттады.

Қарағанды облысының Полиция департаменті өзгелерге үлгі болатын тамаша бастама туралы тартымды бейнеролик түсірді.

## ҚЫЛМЫСЫ ЖОҚ ҚОС АУЫЛ

Еліміздің батысында соңғы үш жылда бірде-бір қылмыс тіркелмеген ауылдар бар. Бұл – Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданының Ақтасты және Толыбай ауылдары.



Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданына қарасты қос ауылдың арасы 60 шақырымнан астам қашықтықты

Жаңа қызметіне кіріскен сәттен ауылдың криминогендік ахуалын мұқият зерделейді. Осыған дейін ауыл аумағында мал ұрлығының болып жүргенін білген учаскелік инспектор ауылдық әкімдіктермен бірлесе отырып, халықпен жиі кездесулер өткізіп, малдарды қараусыз жібермеу, таңбалау, бақташыға бақтыру жұмыстарын белсенді ұйымдастырған. Профилактика үшін алғашқыда малдарын жүйелі түрде қараусыз жіберетін тұлғаларды әкімшілік жауапқа тарту жұмыстарын да жүргізген. Нәтижесінде мал ұрлығына түбегейлі тосқауыл қойылған.

Бұған дейін сегіз жыл бойы патрульдік полицей болып қызмет еткен Нұрлыбек Сарсембаев ауыл ішін аралау, патрульдеу жұмыстарына да ерекше ден қойған. Нәтижесінде Ақтасты және Толыбай ауылдарында әкімшілік құқық бұзушылықтар саны биыл өткен жылмен салыстырғанда 12 пайызға азайған. Профилактикалық есепте тұрған бірде-бір адам жоқ.

Қос ауылдың қауіпсіздігін қардағалаған учаскелік инспектор Н.Сарсембаев:

– Қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуда халықпен тиімді қарым-қатынас орнату аса маңызды. Тұрғындардың түсіністігі мен ауызбіршілігінің де

маңызы зор. Ауыл тұрғындарына барынша жақын болуға тырысамын. Бұл ретте қызметтік көліктің болуы екі ауылда да үнемі болуыма,



құрайды. Жалпы халық саны 600 адамнан асады. Учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Нұрлыбек Сарсембаев екі ауылға да қызмет көрсетеді. Ол Ақтасты және Толыбай ауылдарының учаскелік инспекторы болып үш жыл бұрын тағайындалған.

тұрғындармен жиі байланыста болуыма көмегі тиеді. Әр ауылда ерікті көмекшілерім де бар, – дейді.

Облыста соңғы екі жылда қылмыс тіркелмеген ауылдардың жалпы саны - 14, оның ішінде Әйтеке би ауданының тағы да екі ауылы бар.

Жұлдыз Тойбек



# КӨЛІКПЕН, КИИММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

**Ішкі істер органдарында еңбегі көзге көрінбейтін, бірақ күнделікті жұмыс жүйелі жүруі үшін бар ауыртпалықты еңсеретін қызмет түрі бар. Олар қылмыскерлердің жолын кесіп, күрес жүргізбейді. Бірақ осындай қауіп-қатермен бетпе-бет келетін сақшыларды әрбір жорық алдында сақадай сай етіп дайындайды. Полиция қызметкерлеріне уақтылы нысанды киім беріп, автокөліктердің жедел шақырылымға жүйткіп жетуіне Астана қаласы Полиция департаменті Тылды қамтамасыз ету басқармасы жағдай жасайды.**

Басқарма қарамағындағы Автокөлік шаруашылығында көлік кою тұрақтары, жанар-жағармайға талон беру орындары мен автокөлікке қажетті керек-жабдықтар орналасқан қоймалар бар. Сақшылардың күн-

қазіргі таңда бас-аяғы мыңға жуық көлік бар. Олардың күнделікті сыйымдылығына, жүрісіне қарай жанар-жағармай талоны беріледі. Бұл жауапты қызметте – қойма меңгерушісі Бақытгүл Қалтайбаева. Күні-

айналысады. Жауапты мамандар қорды бір жылға жететіндей етіп алдын ала са-тып алып қояды. Көлік бес немесе он мың шақырым жүрсе, онда май ауыстыруға келеді, яғни үш айда бір рет уақыты келеді. Ал



рылым кезінде оқыс оқиға кезінде киім бүлінсе, оларға киім қайта беріледі. Себебі қызметтік тексеру барысында нақты дәйекпен тұжырымдама толтырылады. Алайда қызметкерлер жеке себептерімен нысанды киіміне ұқыпсыздық танытса, онда бұған өзі жауап береді. Бұдан бөлек, бір полиция қызметкері жедел шақырылым барысында пышақпен құған. Соның салдарынан нысанды киімі тілініп, киюге жарамсыз болып қалған. Мұндай жағдайдың бәрі ескеріледі. Егер ішкі істер органдарында жұмыс істеген қызметкер өз еркімен қызметтен кетсе, онда ол оқалы киімін өткізуге міндетті. Ал егер зейнет жасына шығып қызметін тоқтатса, шараларға мерекелік үлгідегі киімдермен келетін болғандықтан, өздерінде қалады.

Мұндағы жұмыс жыл бойына жалғасады. Жұмысқа жаңадан келетін қызметкерлер киім берілетін болғандықтан, бұл қажеттілікпен күн сайын бетпе-бет келеді. Ал мерзімі өткен киімдерді жаңалау керек болса, оған сәйкес те тиісті жұмыс жүргізіледі. Оның үстіне соңғы жылдары жеке құрамның саны артқан. Нысанды киімге жауапты Маржан Қайратқызының айтуынша, бүгінде қысқы сырт киімдегі ерекшелік тек генералдың нысанды киімінде бар. Ол каракул



делікті тірлігі қызметтік көліксіз бітпейтіні белгілі. Автокөліктерді жөндеу, техникалық жағдайы, кезекші бөлімнің темір тұлпармен қамтамасыз етілуі осы шаруашылықтың мойнында. Қызметтік көліктер таңғы сағат 06.30-дан бастап көлік тұрағынан шығып, кешкі сағат 19.30-да орнына қайта келеді. Медициналық қызметкерлер ертеңгілік көлік жүргізушілерінің қан қысымын тексереді. Автокөлік шаруашылығы бастығы, полиция подполковнигі Абай Нарымбекұлы жаңа өзгерістер нәтижесінде көптеген мүмкіндіктерге қол жеткенін айтты.

– Автокөліктердің техникалық жағдайына баса мән береміз. Көліктерді жуатын үш бекетіміз бар. Сондай-ақ бұл қызметті

не 213 автокөлікке 10 литрден жағармай талонын береді. Диспетчер кезекшілікке түсетіндер өзгелерге қарағанда жоғарылау жағармай алатынын айтты. Барлығы бекітілген талапқа сәйкес бөлінеді. Қойма меңгерушісінің бір орыннан қозғалмай, табан аудармай қызмет еткеніне 25 жыл болған. Осы саланың ауыртпалығы мен жауаптылығын погондағы қызметкерлермен бірге еңсеріп келеді. Бақытгүл Қалтайбаеваның айтуынша, еліміздегі ауыр жағдайлар кезеңінде – Қаңтар оқиғасында және пандемияда үздіксіз жұмыс істеген. Себебі халық әбiгерге түскен кезеңде бар күш көлікке түседі. Сақшылардың да әрбір қозғалысы осы темір тұлпарға байланып, ат үстіндегі

70 мың шақырым жолды артқа тастаса, онда көліктің аккумуляторын ауыстыруға кезек келеді. Техникалық қызмет түрі болғанымен, бұған дейінгі саты құжат негізінде рәсімделеді.



қосымша орындауға қала орталығындағы төрт орынмен келісімшарт жасастық. Себебі патрульдік-полиция қызметкерлері жұмыс уақытында өзіне жақын аймаққа барып, көлігін жуады. Көліктерді жөндейтін арнайы орындар да бар. Жеке құрамның иелігіндегі автокөліктерінің дөңгелегін ауыстырып, қысқы дайындықты 30 қазанға дейін аяқтаймыз. Ал қыс ерте түссе, бұл жұмыстың қамына ерте кірісеміз, – деді.

Елордалық сақшылардың тізгінінде

сарбаз секілді күн кешті. Ал олардың көлігінен қысылтаяқ шақта ақау шықса немесе жанар-жағармай жетпей қалса, жығылған үстіне жұдырық болар еді. Күн сайын диірменнің тасындай өзі айналып жатқан жұмыс түрі секілді көрінгенімен, мұндағы жауапты адамдардың маңыздылығы жан қысылған сәтте байқалады.

Автодөңгелектер, аккумулятор, көлікке май беру жұмыстарымен ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан маман Айнаш



Полиция қызметкерлерінің жазғы және қысқы мезгілге сәйкес нысанды киімдермен қамтамасыз етілуіне Маржан Мәжитова бас-көз болады. Бүгінде сақшылардың жаңа формасы түгелдей толық берілген. Алғашқы форма болғандықтан, барлық қызметкерлердің киім өлшемі алынған. Оқалы киімдерді бір дана ғана табыстайды, оны күтіп, ұқыпты кию полиция қызметкерінің міндеті болып саналады. Сеніп тапсырылатын әрбір киімнің ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік мерзімі бар. Мәселен, қызметтік жейде бір жылға, ал қысқы бушлаг үш жылға беріледі. Полиция қызметкерлері үстіне берген нысанды киімі үшін де жауапты. Мысалы, 2022 жылы қызмет барысында бір сақшы алаяқтарға алданып, өзін-өзі өртіп жібергісі келген әйелдің үстіне қысқы киімін жауып, ажалдан аман қалып қалды. Егер қызмет барысында немесе жедел шақы-

жағасы бар. Ал қалған қызметкерлердің киімдері қызмет түріне сәйкес өзгешеліктер кездеседі. Сақшылардың қызметтік киімі ең озық үлгіге жеткенше, бірнеше мәрте өзгереді. Тіпті келер жылы да аздаған жаңартулар болады деп күтілуде. Ал Туристік полиция қызметкерлері үстіне тағы бір жаңалап алады. Ішкі істер органдарының аппарат қызметіндегі әйел адамдар қазіргі таңда қызметтік көйлекке ауысты.

Өздеріңіз байқағандай, мемлекеттің қорғаны болған сақшылардың киімі мен көлігіне, одан өзге де қажеттіліктері үшін қалтқысыз еңбек ететін жандардың әрбір әрекеті жұмыстың қалыпты жүруіне зор үлес қосады.

**Гауһарай ЕСИМОВА,  
Суреттерді түсірген Медет ӘШІРБЕКОВ**

# ҰСТАЗДАР ҰЯСЫНАН ҰШҚАН ПОЛИЦЕЙ

**Бүгінде қоғамның әр саласында түрлі маман иесі қызмет етіп, ел экономикасының өркендеуіне өз үлестерін қосып жүр. Қиындығы қызығынан көп заманда ер-азаматтардан қалыспай, артылған жауапкершілік жүгін сезіне білетін нәзік жанды арулар да аз емес.**

Қазіргі қоғамда ер мен әйелдің жұмысы деген бөле-жарып қарау көзқарасы жойылған. Бүгінгі қоғамдағы әйел бейнесі әртүрлі. Әйел – іскер басшы да, білікті қызметкер де бола алады.

Солардың бірі – темірдей ерік-жігерді талап ететін полиция саласында еңбектің ерен үлгісін көрсетіп жүрген полиция майоры Жанар Амантайқызы Елешова.

Жанар Амантайқызы – мұғалімдер отбасынан шыққан шенді полицей. Анасы қырық жыл тарих пәнінен мұғалім болып, зейнеткерлікке шықса, әкесі отыз жыл физика пәнінен сабақ берген. Мұғалімдер отбасында тәрбиеленіп, 2000 жылы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, үздік аяқтаған. Алғашқы еңбек жолын ата-анасының ізін жалғастырып, Атырау қаласындағы құқық және заң колледжінде азаматтық құқық пәнінен сабақ беруден бастаған. Алайда бала күнгі полицей болу арманын орындау мақсатында 2006 жылы Атырау қаласының Полиция басқармасына жұмысқа орналасуға өтініш жазады.

Ішкі істер органдарындағы алғашқы жұмыс барысы осы қалалық басқармадан басталып, полицияның қызығы мен қиындығы қайнаған ортада 12 жыл еңбек етеді. Осы ортада білімін жетілдіру мақсатында 2012 жылы ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына оқуға түседі. Қалалық басқармадағы қажырлы еңбегінің жемісіндей 2017 жылы Атырау облысы Полиция департаментіне шақырту алып, Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі қызметіне тағайындалған.

Отбасында құқық қорғау саласында қызмет істегендер жоқ. Әулетімізде көбі ұстаздық жолды

таңдап, ұзақ жылдар білім беру саласында еңбек еткен. Әкем мен анама – білім беру саласының үздіктері. Ширек ғасырға жуық уақыт ұстаздық жолында қызмет етті. Менің де алғашқы еңбек жолым ұстаз болудан басталған. Алайда бала күнгі арманым форма киіп, шенді полицей болу еді. Бірақ полицей тек жұлдызды шен тағып, форма кию емес.

полицей болғысы келіп, соған дайындалып жүр, – дейді Жанар Амантайқызы.

Ішкі істер органдарында 20 жылға жуық уақыт еңбек етіп келе жатқан Жанар Амантайқызының марапаттары жетерлік. Ішкі істер министрі атынан алғысхат, «Қазақстан полициясына – 25 жыл, 30 жыл» төсбелгісімен ма-



**Ақтілек НҮРОЛЛАЕВА,**  
Атырау облысы

Мамандықты қайта таңдау мүмкіндігі болса, ойланбастан осы саланы таңдар едім, себебі өзіме қазіргі жұмысым қатты ұнайды. Отбасында бір ұлым бар, биыл тоғызыншы сыныпты бітірді. Ұлым өзі спортты жақсы көреді. Кішкентайынан қазақша күреске бердім, одан соңғы бес жыл бойы бокспен айналысты. 2022 жылы Атырау облысының чемпионы атанып, Батыс аймақ жарыстарына қатысып, жүлделі жетістіктерге жетті. Енді ұлым да болашақта

рапатталған. Атырау облысы ПД ұйымдастырған ату жарысында Жанар Амантайқызы 2022 жылы қыздар арасында 1-орын алып, мергендігімен көзге түскен. Сондай-ақ Астана және Тараз қалаларында өткен республикалық ату жарысында Атырау облысы Полиция департаменті атынан қатысып, алғашқы оңдық тізімінде болған.

# ПАУЭРЛИФТИНГТЕН КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

**Абай облысының Семей қаласында 3-11 қазан аралығында ерлер мен әйелдер, ардагерлер арасында классикалық пауэрлифтингтен ел чемпионаты өтіп жатыр.**

Бұл сайысқа еліміздің түкпір-түкпірінен екі жүзден астам спортшы қатысты. Ұлытау облысы ПД Сәтбаев қаласы Полиция бөлімінің қызметкері Алмас Әлменбаев 93 келі салмақ дәрежесінде екінші орынды иеленді.

Алмасын жан жары Гүлнұр осы пауэрлифтинг спортынан спорт шебері және 2019 жылғы ел чемпионатының қола жүлдегері атанған. Қазіргі уақытта облыс көлемінде танымал үздік фитнес жаттықтырушысы болып қызмет атқарды. Спортты



Алмас Әлменбаев ішкі істер саласында 2013 жылдан бастап қызмет атқарады. Пауэрлифтинг спортымен он бес жылдан бері айналысып келеді. 2018 жылы осы спорттың жатып көтеру түрінен спорт шебері атанған.

Полиция қызметкері салауатты өмір салтын берік ұстанып, қызметпен қатар спортты қатар алып жүр.

жанына серік еткен отбасы бүгінгі күнде үш ұл баланы тәрбиелеп, спортқа баулып жүр. Үлкен ұлдары Әлнұр мен Мансүр дзюдо және грепплинг спорт түрлерінен облыс намысын қорғап жүрген оғандар.

– Біз отбасымызбен спортты сүйеміз. Жарым Гүлнұр екеумізді табыстырған да осы спорт. Пауэр-



лифтинг спорты – төзімділік пен күшті қажет етер спорт түрі. Біз үнемі денемізді шынықтырып, қолымыз босаған уақытта жаттығу залына барамыз. Біз балаларымызды спортқа баулып, олардың дені сау ұрпақ болып қалыптасуына ықпал жасаймыз. Қазіргі нәтиже жаман емес, ұлдарым күрес түрлерінен облыс намысын қорғап, түрлі жарыстардан жеңіспен оралып жүр, – деді Алмас Әлменбаев.

**Аңсаған ТОҚБЕРГЕНОВ,**  
Ұлытау облысы ПД  
Баспасөз қызметі



# ЖАСТАР ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАДАҒАЛАЙМЫЗ

*«Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз»*

**Қасым-Жомарт Тоқаев**

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет әлеуетін арттыруға негізделген ауқымды жоба-жоспарымен таныстырып, ондағы негізгі мәселелерге тиянақты тоқталып, түйткілдерді шешудің нақты жолын көрсетті. Еліміздің даму жағдайына тоқталған Мемлекет басшысы Жолдауында халықтың әлеуметтік ахуалының артуы жайын жан-жақты саралап, көңілге қонымды нақты жоспарлар ұсынды.

Әр Жолдау сайын Мемлекет басшысы білім-ғылым, денсаулық сақтау, ішкі істер саласының өрістеуіне де ерекше көңіл бөледі. Елдің әлеуметтік жағдайын баса назарға ала отырып, балалар мен жастардың болашағына айрықша тоқталды. Президент білім беру саласына сапалы біліммен қатар, әр баланың, білім алушының өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зорлық-зомбылыққа, буллингке тап болған балаларға, жасөспірімдерге арнап бағдарлама мен психологиялық қолдау көрсететін қызметті нығайту қажеттігіне, халықтың қауіпсіздігін сақтауда тың нақты іс-шаралар қажет екендігіне тоқталды. Оқу орындарының түлектерге жұмыс ұсына алатын еңбек мекемелерімен байланыс жасап, ұзақ мерзімге әріптестік орнатуын ұсынды.

Осы орайда 22 қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының негізгі бағыттары мен міндеттерін түсіндіру шеңберінде ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты қызметкерлері С.Бәйішов

атындағы Ақтөбе университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы және студенттерімен құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру және құқықтық мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Құқықтық мәдениет – қауіпсіздіктің кепілдігі», «Полиция қызметкерлерінің оң имиджі» тақырыптарында кездесу өткізді. Студенттермен кездесу барысында Жолдаудың нақты тұстарына тоқталып, осы бағыттағы өз пікірлерімен бөлісті. Жастар арасында құқыққа қарсы іс-әрекеттерді болдырмау, топтық төбелес, жасөспірімдерге жасалатын зорлық-зомбылықтың алдын алу жөнінде жан-жақты түсіндірме жұмысы жүргізілді. Қоғамдық қауіпсіздіктің ел өмірі үшін маңызды екендігі түсіндірілді. Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар және қылмыстың алдын алу мәселесіне қатысты ұсыныс-пікірлер тыңдалып, студенттерді толғандырған сұрақтарға жауап берілді.

Кездесу соңында жоғары оқу орындары арасында білім беру және ғылыми қызметті дамыту, жетілдіру саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Еліміздің болашағы жарқын болуы үшін әрбір адамның құқықтық сауаттылығы маңызды. Қазіргі таңда жас буынның қылмыс жасауының алдын алу мақсатында ұйымдастырылған осындай кездесулердің жиі өткізілуі оң нәтиже берері сөзсіз.

**Алуа ЖЕТЕСОВА,**  
М.Бөкенбаев атындағы  
заң институты


# АНАСЫН МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Жазасын өтеуші VIBER бағдарламасы арқылы науқас анасын «Ұстаздар күнімен» құттықтады.**

VIBER бағдарламасының көмегімен Абай облысы бойынша ҚАЖД №19 мекемеде адам денсаулығына ауыр зиян келтіргені үшін сегіз жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп жатқан сотталған науқас анасын «Ұстаздар күнімен» құттықтады. Сотталушыға мұндай мүмкіндікті мекеме әкімшілігі сотталушының анасының сырқатына байланысты берген. №19 мекеме бастығының орынбасары Айдын Қалелов:

– Анасы екі жылдан бері ұлына келмей кетіп еді, оған себеп оның ауыр сырқаты болған екен. Әйел Қазақстандағы қалалық мектептердің бірінде математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген, – дейді.

– Анамды көру қуанышын сыйлағаны үшін мекеме басшылығына және анамның емдеуші дәрігеріне



алғыс айтамын. Менің шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу мерзімім 2024 жылдың ақпан айында келеді. Талап-арызым жоқ, осы жерден шығып, анамды көргім келеді, – дейді сотталушы.

Аталған сотталған мекемеге 2019 жылы келген. Жағымды мінезді, жұмысқа орналасқан, мекеменің тігін цехында шебер болып жұмыс істейді.

**Жанар СМАҒҰЛОВА,**  
№19 мекеменің кеңсе инспекторы

## ШАПАҒАТ ШУАҒЫ



## ПОЙЫЗДАН ҚАЛҒАН ЖОЛАУШЫҒА ЖӘРДЕМДЕСКЕН

**Көлік полицейлері Қарағанды-Жолаушылар станциясында пойыздан қалып қойған апаға көмектесті.**

Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы Желілік полиция бөлімінің қызметкерлері пойыздан қалып қойған егде жастағы әйелдің Алматыға жетуіне көмектесті.

Оқиға былай болған. Биыл маусым айының 19-ы күні Құлпан Хасанқызы «Астана-Алматы» бағытындағы жолаушылар пойызына мінген болатын. Пойыз Қарағанды - Жолаушылар станциясына келген кезде ол таза ауамен дем алу үшін далаға шығады. Пойыздың жүретінін хабарлаған кезде қайта мінуге үлгері алмай қалған.

Осы орайда оған Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы ЖПБ Патрульдік полиция взводның инспекторлары, полиция майоры Тимур Қожақметов, полиция старшинасы Руслан Шержанов, полиция старшинасы

Олар әйелді келесі пойызға мінгізіп, Алматыға шығарып салады.

Жақында Құлпан Хасанқызы Көліктегі полиция департаментіне арнайы келіп, оның бастығы, полиция полковнигі Бақытжан Малыбаевпен жеке кездесті.

– Сіздің қарамағыңызда осындай қызметкерлердің жұмыс істейтіндігіне өте ризамын және шексіз алғысымды білдіремін. Мұндай жанашыр балалардың ата-аналарына да мың алғыс! – деді Құлпан апа өзіне қиналған кезде көмек қолын созған қызметкерлерге ризашылығын білдіріп.

Көліктегі полиция департаментінің бастығы Бақытжан Малыбаев:

– Халықтың игілігі үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген полицейлердің адал қызметін бағалаған, азаматтардың тарапынан



Жанболат Исаков және полиция кіші сержанты Тайыр Тұяқовтар бірден көмекке келген.

Құлпан апаның айтуынша, оның барлық жеке заттары, алтын сақиналары, 100 мың теңге сомасындағы ақшалай қаражаты мен құжаттары пойыздың күйесінде қалып кеткен.

Тәртіп сақшылары болған оқиғаның мән-жайын анықтап, дереу қажетті шараларды қабылдады. Олар Құлпан апаны вокзалдағы қонақ бөлмеге орналастырып, жүріп кеткен пойыз бастығына жедел түрде хабарласып, зейнеткердің пойыз вагонында қалып кеткен заттарын Алматы станциясындағы Желілік полиция басқармасының қызметкерлеріне тапсыруды сұрады.

келіп түсетін мұндай алғыс сөздер департамент басшылығы үшін де, біздің қатардағы полицейлер үшін де ең құрметті марапат, – деді.

Сондай-ақ ведомство басшысы Құлпан Балқыбаеваға зор денсаулық тілеп, сапарда жүрген кезде сақ болуға шақырды.

Департамент басшылығы өздерінің кәсіби міндетін адал атқарып, қажет кезінде азаматша К.Балқыбаеваға көмек көрсеткендері үшін Көлік полициясының жоғарыда аталған қызметкерлерін көтермелеу туралы шешім қабылдады.

**Айбол САДУАҚАСОВ,**  
**Көліктегі полиция департаменті ПД Баспасөз қызметінің бас маманы**

## ТҮРКІСТАНДАҒЫ «ПОГОНДЫ ЖУРНАЛИСТ»

**Республика аумағында Ішкі істер министрлігінің ұйымдастыруымен «Погонды журналист» жобасы өтіп жатыр. Бала кезімізде тәртіп сақшыларын тек көшеден қарап немесе теледидарлардан көріп өстік. Өзім шағын кенді қаланың елді мекенінде қарапайым отбасында өстім, бала кезде көрші апалардың балаларына «Тентек болсаң милиция шақырып, беріп жіберем» деген сөздерін жиі естуші едім. Содан полиция қызметкеріне қорқынышты жүзбен қарайтынмын.**

### ЖУРНАЛИСТІҢ ІШКІ ТОЛҒАНЫСЫ

Есейе келе мектеп бітіріп, Алматы қаласына барып, ЖОО-на түсіп, журналист мамандығын таңдадым. Журналист – жан-жақты мамандықтың бірі. Журналистика әлеміне еніп, әртүрлі басылымда қызмет атқардым. 2013 жылы отбасылық жағдаймен Астанаға көштім. Бала кездегі «қорқынышты милиция» қызметкерлерімен жұмыс жасаймын деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмеген еді. Астанаға көшіп барғанда ІІО Медиа орталығының «Полиция.kz» журналына журналист болып жұмысқа орналастым. Осы кезден бастап «қорқынышты» полиция қызметкерлері жайында жазып келемін.

Жұырда Ішкі істер министрлігінің нұсқауымен «Погонды журналист» жобасы басталғаны жайында және осы жобаға қатысуға Түркістан облыстық Полиция департаменті Баспасөз қызметінің мамандары ұсыныс білдірді. Он жылдан бері полиция қызметкерлерінің қиындығы мол қызметтері жайында жазып келемін. Бірақ полиция формасын киіп, жұлдыз таққан арудың рөлін сомдап көрмедім. Басында жоба қызық болып көрінді. «Погон тағып, журналист боламын ба?» дедім. Полицияның формасын киіп, иыққа ай күмбезді жұлдызы бар погонды таққан сәтте сол погонмен бірге үлкен жауапкершілікті бірге арқалағандай болдым. Жауапкершілігі мол полиция қызметкерінің бір күндігін погонды журналист болып, тәртіп сақшыларының көпшілік білмейтін қиын да, күрделі жұмысын көрсеткім келді.

Жоба шеңберінде БАҚ өкілдері погон тағып, полиция қызметкерінің бір күндік жұмысымен жақынырақ таныса алады. Мүмкіндікті қалт жібермей, мен де Ақпараттандыру және байланыс тобының полиция қызметкері болып көрдім. Себебі «Погонды журналист» жобасына қатысқан әріптестерімнің басым бөлігі учаскелік полиция, тергеуші, криминалдық полиция және тағы басқа да қызметтер жайында жазыпты. Ал мен өз кезегімде полиция қызметінің жұмысын бөлімшеде отырып жасайтын қызмет иесінің жұмысының қыр-сырымен танысып, оқырманға осы сала мамандарының еңбегін көрсетуді шештім. Күнделікті өмірде кез келген адам айналасындағылардың заңға қайшы әрекеттерімен кездесетіні хақ. Ал полицейлер қоғам тыныштығын сақтауда көмекке бірінші болып келеді.

### АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ТОБЫМЕН БІР КҮН

Жұмыс уақыты таңертеңгі сағат сегіз жарымнан басталады. Ақпараттандыру және байланыс тобының полицейлері басшылардан тапсырма алып, жұмысқа кірісті. Кентау қалалық Жергілікті полиция қызметі басқармасындағы әрбір сақшының күнделікті атқаратын қызметі осылай басталады. Әркім өзіне жауапты қызметіне барады. Кентау қалалық Полиция бөлімі Ақпараттандыру және байланыс тобының технигі, полиция кіші сержанты Сара Ашурова екеуіміз осы бөлімде бір күнде атқарылатын жұмыстарды жасадық.

Аталған бөлімнің қызметі «Есептегі элемент» есебінің әртүрлі санаттағы тұлғаларды дер кезінде есепке қою және оны шығару, есептегі тұлғаның қай жерде екенін



белгілейтін ақпараттың бұрмалануына, бастапқы есепке алудың электрондық құжаттарын дұрыс енгізу және есептен алу тұрғысына және «Іздестіру» есебінің «Қылмыскер», «Із-түссіз жоғалған», «Белгісіз мәйіт», «Аллимент төлеуші», «Мемлекеттік борышкер», «Туысымен байланысын үзген тұлға» ретінде республикалық базаға тіркеп, уақыты келгенде оларды базадан шығарып отырады. Учаскелік полиция қызметкерлері, тергеушілер және жедел іздестіру тобының мамандары келіп, республикалық базаға әртүрлі жағдайдағы адамдарды тіркеп отырады.

Республикалық базаға уақытында тіркеуді қалыптастыру үшін тексеру жұмыстары жүргізіліп отырады. ҚР ІІМ-нің «Біріктірілген деректер банкі қалыптастыру және пайдалану жөніндегі алгоритм бекіту туралы» 2022 жылғы 14 қыркүйектегі бұйрығының талаптарына сәйкес «Іздестіру» есебінің әртүрлі санаттарында жыл басынан бері 49 адам есепке алынған екен. Оларды атап өтер болсақ, үш адам хабар-ошарсыз жоғалған, үш адам – мемлекеттік борышкер, екі адам есептен алынды. Ал алимент төлеуші ретінде 15 адам тіркелген, оның алтауы есептен алынды. Екі адам қылмыскер бойынша тіркеліп, бір адам есептен шығарылған. Туысымен байланысын үзген бір адам есепке алынған. Дабылдық есептің негізгі күдікті санатына 21 адам тіркелген, оның ішінде 12 адам есептен шығарылған. Куәгер санатына төрт адам қойылған. Сонымен қатар хабар-ошарсыз жоғалған бес адам, оның ішінде екі адам қылмыстық іздестіру ісіне ауыстырылған. Ал белгісіз мәйіт бойынша бір адам тіркелген. Сондай-ақ мемлекеттік борышкер ретінде бес адам, қылмыскер үш адам тіркелген. Одан бөлек бірыңғай дерек базасының дабылдық есебінің негізгі күдікті санатына 11 адам, ал куәгер ретінде төрт адам есепке алынған. 542 адам есепте тұр. Ондағы учаскелік полиция инспекторы саласынан 356 адам тіркелген, кейбір деректі таратып айтар болсақ, маскүнем – 223, нашақор – 8, мерзімінен бұрын босатылған – 22, әкімшілік қадағалауға формальды түсетіндер – 18, бұрын сотталғандар – 26, қорғау нұсқама – 12 тіркелген. Ал Ювеналды полиция тобы саласында 67 адам есепке алынған, оның өз міндеттерін орындамаған 28 ата-ана және 39 кәмелетке толмағандар тіркелген.

Сонымен қатар Пробация қызметімен 67 адам есепке алынған, мерзімінен бұрын босатылған - бір адам, шартты түрде сотталғандар саны – 59, бас бостандығынан шек-

теу жазасына тартылғандар – 6, түзеу жұмысы бойынша екі адам тіркелген. Сондай-ақ Криминалдық полиция саласымен 62 адам есепте тұр.

Техник маман Сара Ашурова екеуіміздің тексеруіміз бойынша жыл басынан бері 287 адам есепке қойылыпты, ал есепте 240 адам қалыпты. Сараның көмегімен полиция қызметін атқарған бір күнімде жеті азаматты республикалық базаға тіркедім. Әрине, оларды базаға тіркеу де оңай шаруа емес екен. Себебі тіркеуге алынған адамның жеке басын растайтын құжатынан немесе базаға қою тәртібін дұрыс таңдамаған жағдайда база қабылдамайды екен. Сондықтан компьютердің алдында отырып, әрбір адамның құжатын тексеріп, оны базаға тіркеу инемен құдық қазғандай қиын жұмыс. Сонымен қатар Сара маған іздестіру, қорғау нұсқама және ерекше талап бойынша тіркелген адамдарды есепке қоюдың айырмашылығын түсіндіріп берді.

Погонды журналист жобасы аясында көп нәрсені түсіндім. Егемендіктің арқасында еңсеміз биік болып жүрсін десек, ең бірінші тыныштық пен татулықты сақтауымыз қажет. Ал сол тыныштықты сақтайтын сақтық саласының сарбаздары – полиция қызметкерлері. Қылмысты ашуда, қауіпсіздікті қадағалауда полиция қызметкерлерінің еңбегі ерен. Полиция қызметкері болу үшін білім, біліктілік, білек және сабыр, төзім мен қажыр-қайрат керек. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицейге керекті басты қасиеттер екенін ұғындым.

Полиция қызметкерлерімен бірге жұмыс жасаған сегіз сағат ішінде тәртіп сақшыларына деген көзқарасым түбегейлі өзгерді десе боларды. Бұрындары сыртынан тон пішіп, полицейлерді қатыгез адамдар деп ойлайтынмын. Алайда тәртіп сақшыларының ортасында олардың жұмысын көрген кезде «қорқынышты» полицияның жоқ екенін білуге болады. Қоғамның тәртібі, тыныштығы үшін түн ұйқысын төрт бөлген олар халыққа қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Бір күндік полиция қызметкері болу мен үшін есте қиын болды. Әдемі форма мен жұлдызды погонның жүгі өте ауыр екен. Жауапкершілігі жоғары бұл қызметке антына адал, өз міндетін абыроймен атқарып, еңбек ете білген тәртіп сақшылары әбден лайықты. Бүгінгі бейбіт күннің қаһармандары тәртіп сақшылары екені анық.

**Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ,**  
**Түркістан облысы**

## СОЛТҮСТІКТЕГІ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің бастығы Айдын Қабдұлдинов М.Қозыбаев атындағы университет студенттерімен кездесті.



Облыстық полиция басшысы тәртіп сақшыларымен жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар етіп, жолдардағы, қоғамдық орындардағы және ғаламтор желісіндегі қауіпсіздіктің негіздері туралы нақты ұсыныстар айтты.

Жол қозғалысы ережелерін сақтау, буллингтер мен бопсалаушылықтардың алдын алу тақырыбындағы дәріске барлық факультеттерден 500-ден астам студент қатысып, қылмыс пен құқық бұзушылықтың құрбаны болмау туралы лекциялар тыңдады.

Айдын Қабдұлдинов студенттердің назарын заңнаманы бұзғаны үшін қолданылатын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке аударды. Көбіне есірткі сатушылар жастарды есірткі жасырушы ретінде пайдаланады. Орташа алғанда, мұндай «бизнеске» қатысатын жасөспірімдерді полиция қызметкерлері 2-3 айда ұстайды. Есірткі айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады.

Бұл жолға адамның есірткі өндіру, жасыру, сатып алу мен сақтау сияқты әрекеттері арқылы есірткіге ие болуына әкелетін кез келген әрекет жатады. Мұндай қылмыс үшін

берілетін жаза кісі өлтіргені үшін қолданылатын жазадан да асып түседі. Есірткі айналымы үшін заң жеті жылдан бастап өмір бойына бас бостандығынан айыруды көздейді.



— Біздің елде есірткіні жарнамау мен насихаттау үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бұған граффити жазуларын қолдану, хабарландырулар немесе QR кодтарын тарату, форумдарда түрлі мессенджерлерде есірткі туралы оң пікірлері бар хабарламалар орналастыру жатады.

Жаза үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды қарастырады. Мессенджерлерде есірткі сайттары мен чаттарды басқару ауырлатын жағдай болып табылатындықтан, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру тағайындалған, — деп атап өтті облыстық полиция бастығы.

Баяндаманың жеке бөлігі құмар ойындарға қатыспауға, ойындар мен ұтыстарға қаражат пен күш жұмсағанша, бос уақытты спортқа, ғылым мен отбасыға арнауға шақыруға арналды.

Кездесу соңында студенттердің сұрақтарына жауап бере отырып, Айдын Қабдұлдинов жоғары оқу орнының болашақ түлектерін ішкі істер органдарына жұмысқа орналасу жағын қарастыруды ұсынды.

Осы сияқты кездесулер ПД бастығының орынбасарымен жақын

арада облыс орталығында және аудандардағы оқу орындарының оқушыларымен өткізіледі деп жоспарлануда.

Игорь МЕРЦАЛОВ,  
СҚО ПД Баспасөз қызметі



## ІІМ-ДЕ ҮЗДІК ЖЕДЕЛ ҮӘКІЛ АНЫҚТАЛДЫ

Ішкі істер министрлігінде «Үздік жедел уәкіл» республикалық байқауы қорытындыланды. Жарыстың ақтық кезеңі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының базасында өтті.

Айта кету керек, ең ауыр қылмыстар жедел қызметкерлердің білімі және дағдыларымен қоса, олардың табандылығының, адалдығының, батылдығы мен тапқырлығының арқасында ашылады.

Дәстүрге айналған байқауда аумақтық бөліністердің қызметкерлері жедел қызметте, заңдарды меңгеруде, атыс және физикалық дайындықта жоғары нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар шара барысында жедел уәкілдер қазақстандық қылмыстық іздестірудің аңызы, отставкадағы милиция полковнигі Ғабдрахим Меңдешевпен кездесті. Офицердің есебінде көптеген

ашылған ауыр және аса ауыр қылмыстар бар.

Жеңімпаздарды ІІМ Криминалдық полиция департаментінің бастығы Айдоус Рысбаев марапаттады.

Ең үздік жедел уәкіл болып Ақмола облысының қызметкері Елжас Ноғаев танылды. Екінші орынды Абай облысының намысын қорғаған Қуаныш Зарипов иеленді. Ал үшінші орынды алматылық жедел уәкіл Берік Бибеков олжалады.

Жалпы, бұл байқау жедел іздестіру қызметін одан әрі дамытуға және жедел уәкілдердің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал етеді.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК

## ҚҰҚЫҚТЫҚ САБАҚ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Жамбыл облысы Полиция департаментінің басшылығы білім беру мекемелерінде кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізді.



Оқу жылының басынан бері ведомствоның басшылық құрамы балалар мен жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында 120-дан астам дәріс пен әңгімелесу өткізген. Жалпы алғанда, полицияның әрбір бөліністерінің қызметкерлері оқу орындарының қабырғасында 1600-ге жуық құқықтық сабақ жүргізді.

Бұл сабақтар барысында полиция қызметкерлері мектеп оқушыларына тәуелділіктің дамуына әсер ететін факторлар, есірткі мен психоактивті заттарды қолданудың салдары, ЖҚЕ сақтаудың маңыздылығы туралы айтылды. Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қылмыстық құрбаны болуы мүмкін жағдайлар туралы да

талқыланды. Одан бөлек, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 273-бабына сәйкес терроризм актісі туралы жалған хабарлама жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелері де айтылды. Себебі мұндай деректер еліміздің көптеген өңірінде жиі тіркелуде.

— Кездесу барысында тәжірибелік жұмыстар жасалды, балаларға өздері де шеше алатындай күнделікті өмірден алынған жағдайлар берілді. Балалар белсенді түрде қатысып, түрлі сұрақтар қойды. Егер кәмелетке толмағандарға жауапкершілік туралы ескертілсе, алдын алу ақпараттарымен қамтамасыз етілген балалар құқыққа қайшы әрекеттер жасамас бұрын дұрыстап ойланады, — деді Жамбыл облысы ПД ЖПҚБ бастығының міндетін атқарушы Манас Әбдікәрімов.

Жамбыл облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі ведомство басшылары мен жеке құрамның білім беру мекемелеріне баруы күн сайын жүргізілетінін хабарлады.

— Полицейлер балалардың денсаулығы мен өмірінен қымбат ештеңе жоқ екенін жақсы түсінеді, сондықтан бұл мәселе маңызды әрі оған баса көңіл бөлу қажет, — деп атап өтті құқық қорғау ведомствосы.

С. ТИЛЕПБЕРГЕН

## БІЛІМ БАСҚАРМАСЫМЕН БІРІГІП...

Шымкентте Полиция департаментінің бастамасымен, қалалық білім басқармасының ұйымдастыруымен соңғы кездері қоғамда белең алған интернет-алаяқтық және есірткі қылмысының алдын алуға бағытталған маңызды жиын өткізілді.

Онлайн конференцияға Шымкент қалалық Полиция департаменті бастығының орынбасары Арман Бейсенбаев, Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Бауыржан Карбеков, Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының өкілі Абзал Алибаев және қалалық білім басқармасының бастығы Жанат Тәжиева қатысты.

Сондай-ақ білім басқармасына қарасты 361 мекемеден 30 мыңнан астам қызметкер қашықтықтан қосылып, баяндамашылар-

дың ақпаратын тыңдады.

Арман Бейсенбаев ұстаздар қауымына алаяқтардың кең тараған айла-тәсілдері мен қитұрқы іс-әрекеттері туралы ескертті. Сәйкесінше қарапайым сақтық шараларына нақты тоқталып, бірқатар мысалдар келтірді.

Ал Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Бауыржан Карбеков «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешен-

ді жоспары» аясында атқарылған жұмыстарға тоқталып, жастар арасындағы есірткі дертінің қауіпі туралы сөз қозғады. Бұл қылмыс санының артуына да интернет себеп екенін ашып айтты. Мұғалімдерге жасөспірімдер арасында профилактикалық дәрістер мен кездесулерді жиі өткізіп отыруды ұсынды. Бір сағатқа жалғасқан шара соңында қатысушылар тәртіп сақшыларына өздерін мазалаған сауалдарын қойып, толыққанды жауап алды.

«Сақшы-ақпарат»

## БАЛЫҚ АУЛАУДАН ЖҮЛДЕГЕР

Арал аудандық Жастар ресустық орталығының ұйымдастыруымен Аманөткел елді мекеніндегі Арал теңізінің жағасында балық аулаудан жарыс өтті. Жарысқа аудан жастарымен бірге Пробаця есебіндегі сотталған азаматтар да қатысты.



Жарыс шарты бойынша межелі уақыт ішінде кім көп балық ауласа, сол азамат жарыс жеңімпазы атанды.

— Мен үшін балық аулау — күнделікті күйбең тірліктен шаршағаныңды басатын, таза ауада, тұнық

судың бойында жүйке демалатын спорт түрі. Қолым қалт етсе, қармағымды алып, балық аулауға барамын. Балыққа қажетті құрал-жабдықтардың барлығы менде бар. Әр демалыста отбасымды алып, балыққа шығуды әдетке айналдыр-

дым. Балаларыма да балық аулаудың қыр-сырын үйретіп, осы кәсіпке баулып жүрмін. Бүгінгі жарыста қармағымға балық ілініп, қанжығам майланып, олжалы болдым. Балықшылар арасынан жүлделі 2-орынды жеңіп алып, диплом және арнайы сыйлықпен марапатталдым, — деді есептегі азамат.

Осылайша аудан жастары мен есептегі азаматтар арасында салауатты өмір салты насихатталып, ерекше спорттық жарысты ұйымдастырған аудандық жастар ресустық орталығына пробацялық бақылаудағы азаматтар өз ризашылығын білдірді.

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ





## ҚЫРЫҚ ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ КЕЗДЕСУ



**Биыл Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясына аты берілген генерал-майор Мақан Есболатовтың туғанына 95 жыл толады.**

Мақан Есболатов – 1956 жылы Қазақ және Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикалары үшін милиция қызметкерлерін даярлауды бастаған Қазақстанның бірінші оқу орны – қазіргі Алматы академиясының дамуына зор үлес қосқан тұлға.

Бүгінде 65 жылдан астам тарихы бар КСРО ІІМ Алматы арнайы милиция орта мектебін 12 жыл бойы басқарған М. Есболатов оның оқу-материалдық базасын қайта жаңартуды қамтамасыз етті. Ол басқарып тұрған жылдары жаңа оқу корпусы, жатақхана, акт залы және асхана салынды, жылыжай шаруашылығы құрылды. Осының барлығы 1991 жылдың шілдесінде орта оқу орнын ҚР ІІМ Алматы жоғары мектебі етіп қайта құруға мүмкіндік берді. Оның бірінші бастығы болып М.Е.Есболатов тағайындалды.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №79 қаулысымен білім беру мекемесіне милиция генерал-майоры – Қазақ КСР Ішкі істер министрі, ААОММ басшысы (1980-1991 ж.ж.) және оны жоғары оқу орны етіп қайта құрудың бастамашысы болған Мақан Есболатовтың есімі берілді.

Мақан Есболатұлы 1928 жылы 27 тамызда Талдықорған облысының Талдықорған ауданында дүниеге келген. Ішкі істер органдарындағы қызметін 19 жасынан бастаған ол кіші лейтенанттан милиция генерал-майорына дейін көтерілді. Генерал-майор М. Есболатов «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет» ордендерімен, 15 медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Қазақстан ішкі істер органдарына өлшеусіз үлес қосқан, 1973 жылдан 1980 жылға дейін Қазақ КСР Ішкі істер министрі болған Мақан Есболатовтың 95 жылдығы қарсаңында Алматы

академиясында аталған оқу орнын бітіргеніне 40 жыл толған түлектердің кездесуі ұйымдастырылды.

Еліміздің әр түрлі елдерінен жиналған түлектер оқу орнының қабырғасында қайта қауышты. Іс-шара Мақан Есболатов пен қаза тапқан академия түлектерінің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, тағзым етуден басталды. Жиналған қауым оларды бір минуттық үнсіздікпен еске алып, академия түлектері оқу орнының ауласына шырша отырғызды.

Академия клубында жалғасқан салтанатты кешті ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ф.Есболаев ашты.

– Осыдан қырық жыл бұрын Алматы арнайы милиция орта мектебінің қабырғасында құрсаң болған көпшілігіңіз кейін түрлі басшылық қызмет атқардыңыздар. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш. Түлектердің бас қосуын ұйымдастырудағы мақсат – академия мен түлектер арасындағы байланысты нығайта отырып, бүгінде еліміздің әр саласында жетістікке жеткен тұлғалардың өмір жолын жастарға насихаттау, – деді ол өз сөзінде.

Қырық жылдан кейін өздері оқыған шаңырақта бас қосқан түлектер академияның бүгінгі келбетіне тамсанып, заманауи талаппен салынған киберлаборатория, полигондарды аралап, орталықтармен танысты. Сондай-ақ академиядағы бірегей тұлғаларға арнайы ашылған атаулы кабинеттерді аралап, Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың «Қазақстанның тарих толқынындағы үздіксіз мемлекеттілігі. XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық және американдық карталардағы Қазақ мемлекеті. Атлас» картасының галереясымен танысты. Академия музейін тамашалап, алаңда сап түзеді.

Академия Ардагерлер кеңесінің төрағасы, ішкі қызмет генерал-майоры Т.Қабденов түлектерге 40 жылдыққа арнайы шығарылған медальдарды табыс етті.

**Гүлнар ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ**  
Алматы қаласы

## ТҰЛҒА ТАНУҒА АРНАЛҒАН ТҰСАУКЕСЕР



**ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Министр Қабылбаев» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Оған заң ғылымдарының кандидаты, профессор, запастағы полиция генерал-майоры және аталған кітап авторының бірі Мирлан Қызылов арнайы келіп қатысты.**

Ұстаз-ғалым Мирлан Ахмедияұлы 2014-2019 жылдары Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясын басқарды. Осы жылдары ұлт кадрлары арасынан республиканың Ішкі істер министрі болған алғашқы тұлғаның өмірі мен қызметін зерттеуді бастаған болатын. «Өз ұлдарын, ерлерін ескермесе, ел- дағы қайдан алсын кемеңгерді?» деген ақын І.Жансүгіровтің сөзін ол темірқазық етіп алғандай еді. Басаяғы 5-6 жылда аталған оқу орнында біртұар тұлғаның музейі ашылды, көптеген мақалалар жазылды. Білім ордасының «Академия ұраны – Шырақбек аға» маршы жазылды.



Білім алып жатқан болашақ полицейлер Шырақбек Қабылбаевтың ішкі істер саласындағы білікті басшылығы мен өнегелі өмірі туралы білді. Қазақстанның ішкі істер саласының іргесін қаласқан, оның қалыптасуына, кадр дайындауға өлшеусіз үлес қосқан тұлға еліміздің полициясының жас буыны үшін үлгі тұтар тұлға болуға әбден лайық. Ұлттық идеология осылай тұлғатанудан басталса керек-ті. Міне, генерал Мирлан Қызылов осы іске маңдай терін төгіп келеді.

Журналист-жазушы Дәулет Сейсенұлы екеуі бірігіп шығарған «Министр Қабылбаев» атты эссе мен деректі хикаяттар, естеліктер жинағы тек Шырақбек Қабылбаев туралы ғана емес, жалпы тұлға танудағы үлкен еңбек. Оқырман кітаптан Шырақбек Қабылбаев туралы осы кезге дейін зерттелген ақпараттың барлығын таба алады. Кітапта бас кейіпкердің өз ісінің саласындағы аса ірі қайраткер ғана емес, оның өміріндегі қиын кезеңдер, адамгершілігі, ұлттық өнердің жанашыры екендігі туралы да қызықты материалдар оқуға болады.

Тұсаукесерде Мирлан Ахмедияұлы «Министр Қабылбаев» кітабы туралы аңгімеледі. Онда Қазақ КСР ішкі істер министрі Ш. Қабылбаевтың өмір жолын, қалыптасу жылдарын, 1954-1959 және 1967-1973 жылдары министр лауазымын атқарған және қызмет барысында орын алған 1959 жылғы Теміртау оқиғасы туралы және іс жүзінде тарихи мемлекетшіл қайраткердің жолын баяндап, жас курсанттардың сұрақтарына жауап берді.

**НАЗИРА ЖАРИМБЕТОВА**

## АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

**ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты – еліміздің батыс өңіріндегі ішкі істер органдарына білікті маман даярлайтын ведомствалық іргелі оқу ордасы. Жоғары білім беру бағдарламаларын жеткілікті түрде іске асырып жатқан институт оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес талапкерлерді жұмылдыруға бағытталған кәсіби бағдар беру жұмыстарын қарқынды түрде жүргізуде.**



Жақында институтта Ақтөбе облысының жоғарғы оқу орындарының студенттері үшін жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықтық тәртіп мәдениетін қалыптастыру, сонымен қатар кәсіптік бағдар беру, полицияның имиджін көтеру, полиция қызметіне деген қызығушылықтарын оятып, азаматтардың ішкі істер органдарына деген сенімін арттыру мақсатында арнайы «Ашық есік күні» өтті.

Іс-шараға Қазақ-Орыс халықаралық университетінің және Экономия-

калық құқық колледжінің студенттері қатысып, институттың материалдық-техникалық базасымен, тыныс-тіршілігі таныстырылып, оқуға түсу шарттары туралы түсіндірілді. Шара студенттерге институт жанындағы музейді тамашалап, оқу ордасы тарихын таныстырумен басталды. Экскурсия барысында тыңдаушылардың жатын орны, саптық алаңы, кримполигонды, институт музейі, медицина бөлімі, кітапхана, акт, спорт залдары көрсетіліп, сабақ кестесіне сай: атыс дайындығы, криминалистика, күрестің жауынгерлік тәсілдері сабақтарына қатыстырылды.

Келушілер ішкі істер саласы мамандарының қызметі туралы сұрақтар қойып, кеңірек ақпарат алды. Заманауи атыс, криминалистика құралдарымен, күрестің әдіс-тәсілдерімен танысып, білім мен білікті, спорттық дағдыларды қатар талап ететін мамандыққа үлкен қызығушылық танытты.

**Алуа ЖЕТЕСОВА,**  
**ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы**  
**Ақтөбе заң институты**  
**ішкі және сыртқы коммуникациялар**  
**бөлімшесінің инспекторы**

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС



Бас директор  
**Лаура ЖАКУПОВА**

Бас редактор  
**Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ**

**РЕДАКЦИЯ:**  
Шеф-редактор:  
**Жұлдыз ТОЙБЕК**  
Жауапты хатшы:  
**Айнур ЖЫЛҚЫШИНОВА**  
Тілшілер:  
**Гауһарай ЕСІМОВА**  
**Раушан НАРБЕК,**  
**Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді  
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды  
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес  
• Жыныссыз материалдағы фактілер үшін автор жауап береді  
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді  
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады.  
Басылым «Медиа-холдинг Елпи» ЖШС баспаханасында басылады.  
Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30  
Индексі: **65395**  
Таралымы: **16002**  
Тапсырысы: **№ 1378**

**БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:**  
ИИК – KZ74856000000147459  
БИЖ – КСЖКЗЖХ  
БИН – 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
010000, Астана қаласы,  
Майлин көшесі, 4/1.  
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,  
ішкі нөмір 115  
www.mediaovd.kz  
Эл. пошта: saksfy@mediaovd.kz